

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1
ХАТТАМАСЫ**

2025–2026 оқу жылы

Өткізілген күні: 2025 жылғы 12 қыркүйек

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар:

- Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі м.у.а.–Жайсултанов М.Х.
- Әдіскер – Мусағалиева Г.У.
- Кеңес мүшелері –2 адам
- Хатшы – Едресова А.Н.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі және қызметтік жауапкершілігі.
3. Балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру.
4. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты жетілдіру.
5. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы жаңа оқу жылының басталуына байланысты педагогикалық ұжымды құттықтап, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі бағыттарымен таныстырды.

2025–2026 оқу жылында кеңес қызметі педагогтердің кәсіби әдеп мәдениетін арттыруға, ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтауға, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және ата-аналармен тиімді ынтымақтастықты дамытуға бағытталатыны атап өтілді.

Әдіскер жылдық жұмыс жоспарын таныстырып, жоспарға семинарлар, кеңестер, мониторингтер, сауалнамалар және түсіндіру жұмыстары енгізілгенін баяндады.

Сөйлегендер:

Меңгеруші ұйымның ішкі еңбек тәртібі мен педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әрбір қызметкердің басты міндеті екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер педагогтердің кәсіби әдебі туралы баяндама жасады.

Баяндамада педагогтің:

- қызметтік әдебі;
- сөйлеу мәдениеті;
- сыртқы келбеті;
- еңбек тәртібі;
- құжаттарды дұрыс жүргізуі;
- әлеуметтік желілердегі жауапкершілігі;
- әріптестермен қарым-қатынасы кеңінен қарастырылды.

Педагогтің жеке үлгісі балалар тәрбиесіне тікелей әсер ететіні ерекше атап өтілді.

Сөйлегендер:

Педагогтер кәсіби дамуға бағытталған семинарлардың тиімділігі жөнінде пікір алмасты.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кенес төрайымы балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз орта қалыптастыру мәселесін баяндады.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету, кемсітушілікке жол бермеу және әр баланың жеке ерекшеліктерін құрметтеу қажеттілігі айтылды.

Сөйлегендер:

Медбике мен педагогтер санитариялық талаптарды сақтау және қауіпсіздік техникасын күшейту жөнінде ұсыныстар айтты.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер ата-аналармен өзара сенімді қарым-қатынасты нығайту туралы баяндады.

Ата-аналармен кездесулер, жеке кеңестер, сауалнамалар және бірлескен іс-шараларды көбейту ұсынылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін ескерудің маңыздылығын атап өтті.


Бесінші мәселе бойынша

Әртүрлі мәселелер қаралды.

Оқу жылы барысында кәсіби мерекелерді ұйымдастыру, ұжымдық іс-шараларды өткізу, еңбек тәртібін сақтау және ішкі бақылауды жетілдіру мәселелері талқыланды.

ШЕШІМ

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.
3. Балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар күшейтілсін.
4. Ата-аналармен серіктестік жұмысы жетілдірілсін.
5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау кеңес төрайымына жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  М.Х.Жайсултанов

Хатшы:  А.Н.Едресова

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2
ХАТТАМАСЫ**

2025–2026 оқу жылы

Өткізілген күні: 2026 жылғы 15 мамыр

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар:

- Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі м.у.а.–Жайсултанов М.Х.
- Әдіскер – Мусағалиева Г.У.
- Кеңес мүшелері –2 адам
- Хатшы – Едресова А.Н.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс қорытындысы.
2. Педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтау деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелері.
3. Ата-аналармен және тәрбиеленушілермен өзара қарым-қатынас мәдениетінің қорытындысы.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған ұсыныстар.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық жұмысына қорытынды жасады.

Жыл бойы кеңес бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс жүргізді.

Педагогтер арасында педагогикалық әдеп қағидаларын түсіндіру мақсатында семинарлар, дөңгелек үстелдер, жеке кеңестер және тәжірибе алмасу кездесулері өткізілді.

Сонымен қатар:

- жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетілді;
- педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға арналған әдістемелік кеңестер ұйымдастырылды;
- ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал тұрақты бақылауда болды;
- еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы талданды.

Жыл ішінде педагогикалық әдепке қатысты елеулі тәртіп бұзушылықтар тіркелмегені атап өтілді.

Сөйлегендер:

Менгеруші педагогтердің кәсіби жауапкершілігі артқанын, ұжымда өзара сыйластық пен ынтымақтастықтың қалыптасқанын атап өтіп, барлық қызметкерлерге алғыс білдірді.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер педагогтердің кәсіби әдеп талаптарын сақтау деңгейіне жүргізілген мониторинг қорытындысын ұсынды.

Мониторинг нәтижесінде:

- педагогтердің қызметтік әдебі сақталған;
- тәрбиеленушілермен қарым-қатынас мәдениеті жоғары деңгейде болған;
- әріптестер арасындағы өзара сыйластық нығайған;
- құжаттамаларды жүргізу талаптары сақталған;
- әлеуметтік желілерде педагогикалық әдеп нормаларын бұзу фактілері анықталмаған.

Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілік деңгейі өткен оқу жылымен салыстырғанда жоғарылағаны айтылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалдың жұмыс сапасына оң әсер еткенін атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысына тоқталды.

Жыл ішінде:

- ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды;
- жеке кеңестер өткізілді;
- сауалнамалар жүргізілді;
- бірлескен мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Ата-аналардың көпшілігі бөбекжай қызметіне және педагогтердің кәсіби әдебіне оң баға бергені атап өтілді.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері ата-аналармен ашық диалог пен өзара сенімнің тәрбиелеу жұмысының тиімділігін арттырғанын айтты.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы 2026–2027 оқу жылына арналған негізгі ұсыныстарды таныстырды.

Ұсыныстар:


- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- педагогикалық әдеп бойынша тәжірибелік семинарлар өткізу;
- тәлімгерлік жүйесін жетілдіру;
- цифрлық этика және ақпараттық қауіпсіздік бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау.


Сөйлегендер:

Кеңес мүшелері ұсыныстарды бірауыздан қолдап, оларды келесі оқу жылының жұмыс жоспарына енгізуді ұсынды.

ШЕШІМ

1. 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстар жалғастырылсын.
3. Ұжымда өзара сыйластық, ашық қарым-қатынас және қолайлы психологиялық ахуал сақтау тұрақты назарда болсын.
4. Ата-аналармен тиімді серіктестік нығайтылсын.
5. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары осы ұсыныстар негізінде әзірленсін.
6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымына жүктелсін.

Кеңес төрайымы:  М.Х.Жайсултанов

Хатшы:  А.Н.Едресова